

БЕКІТЕМІН:

МКҚК «Шұғыла» бөбекжай-бақшасының
директоры Тулешова Г.Д.



**«Балапан» кіші жас тобының 2025 - 2026 оқу жылындағы
ата-аналармен жұмыс жоспары**

«Балапан» кіші тобының 2025-2026 оқу жылындағы ата-аналармен жұмыс жоспары

Мақсаты: Баланың жан-жақты дамуы үшін бөбекжаймен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту, өзара әрекетін белсендендіру, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Ата-аналармен тығыз байланыста болу.

№	Айлары	Ата-аналар жиналысы	Ертеңгіліктер	Баяндама; кеңес	Сайыстар; Көрмелер; Байқаулар	Қосымша жұмыс түрлері	Орындаушы
1	Қыркүйек	1.№1.Жиналыс Кіші тобының 2025-2026 оқу жылындағы ҚР мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу, білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру. Оның ішінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен таныстыру. 2.Ата-аналар комитетін сайлау.			«Әкем, анам және мен – спорт сүйер отбасы» (эстафеталық сайыс)	Жылжымалы папка «Алтын күз» «Балабақша жайлы мекен» Балабақшаға саяхат.	Топ тәрбиешілері Туралиева Н.С
2	Қазан		25 қазан «Республикам - мақтанышым»	Кеңес: «Баланың өз- өзіне қызмет етуі»	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» қазақтың қазынасы – ұлттық ойындар (спорт ойын) «әкелер мектебі» «Менің Қазақстаным» (сурет көрмесі) «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Күз сыйы – туған елге» көрме		Топ тәрбиешілері

3	Қараша			«Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығы және дұрыс тамақтануы» «Жақсы, жаманды салыстыру» (әңгімелесу)	«Жауапты болу- жақсы болу» «Адалдық алаңы» (мультфильм фотосурет)	Сюжеттік-рөлдік драмалық ойындар	Топ тәрбиешілері Медбике, психолог,
4	Желтоқсан	№2 жиналыс «Жаңа жыл ертеңгілігіне дайындық»	«Шырша тойын тойлаймыз!»	«Тұмаудан сақ болайық» «Балалар біздің болашағымыз» баяндама	«Жапырақ тамырдан нәр алады» (зияткерлік ойындар) «Бәріміз бірге шырша ойыншықтарын жасайық»	Жылжымалы папка 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні; «Алақай қыс келді!»	Топ тәрбиешілері, медбике, психолог
5	Қаңтар				«Әкелер мектебі» «Қыста құстарды тамақтандырайық» (жемсауыт жасау, көрме) «Аналар мектебі» «Ертегілер әлеміне саяхат»	«Тәртіп – тәрбие негізі» Челлендж «әкелер мектебі»	Топ тәрбиешілері
6	Ақпан			Баланың денесін қатайту. Барлық артықшылықтар мен кемшіліктер.	«Әкелер мектебі». «Қыс қызықтары» (қардан мүсіндеу жасау) «Аналар мектебі» «Жаңа өмір сыйлайық!» қолдың заттарынан қолөнер бұйымдарынан көрме.		Топ тәрбиешілері

7	Наурыз	№3.Жиналыс «Ертеңгіліктерді бірге өткізейік»пікірлесу.	«Аяулы- Анашым». «Жаңару мен мейірімдік мерекесі – Наурыз».	Дүние жүзілік туберкулезге қарсы күрес күні.!!!	«Әкелер мектебі» - «Менің Әкем - шебер Әке» (қолөнер сайысы) «Су өмір көзі» (бейнеролик байқауы)	«Ізгіліктің бір ізі- алғыс. (челлендж) «Наурыз» мерекесіне ұлттық киімдер дайындау. (Челлендж)	Топ тәрбиешілер Медбике
8	Сәуір				«Әкелер мектебі» «Құстарға ұя сыйлаймыз!» (байқау) «Әжемнің айтқан ертегілері» «Әжелер мектебі»	Бөбекжай бақшасына ағаш, гүл тұқымдарын отырғызу «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Макалатура жинайық – ағаштарды сақтайық»	Топ тәрбиешілері
9	Мамыр	№4 қорытындылау жиналысы «Біз не үйрендік?»	«Менің елім – мәңгілік мекенім»	Тамақтан улану және жедел ішек инфекцияларының алдын алу. Жазда су пен топырақпен ойындар ұйымдастыру.	«Біз біргеміз» (сурет көрме) «Мен әкеме, атама көмекшімін» (бейнеролик байқауы)	«Отбасылық таза ауадағы демалыс» отбасы күніне арналған қызықты сәттерден көрініс. «Жасыл әлем – біздің үйіміз»	Топ тәрбиешілері

МКҚК «Шұғыла» бөбекжай – бақшасы

«Әкем, анам және мен - спорт сүйер отбасы»
(отбасылық эстафета)

«Балапан» кіші жас тобының тәрбиешісі: Туралиева Н.С

Қыркүйек айы, 2025 ж

«Әкем, анам және мен - спорт сүйер отбасы»

(отбасылық эстафета)

Мақсаты: Отбасылар арасындағы ынтымақтастықты арттыру;
Балалардың физикалық белсенділігін дамыту;
Салауатты өмір салтын насихаттау

Жүргізуші: Шынықсаң шымыр боларсың,
Сауығып айдай толасың.

Спортты серік ете біл,
Жақсы азамат боласың.

Чемпион болу оңай ма?

Арман болған талайға.

Болмасаңда ұқсап бақ,

Жарысқа түсіп қалайда.

-Құрметті тәрбиешілер, ата-аналар Отбасы күніне арналған “Әкем, анам және мен – спорт сүйер отбасы!” атты отбасылық эстафетаға қош келдіңіздер!

-Сонымен ортаға көңілді спорттық жарысқа қатысқалы отырған отбасыларды шақырайық.

Жарысқа қатысатындарды шақырамыз,

Әр танды бақытпенен атырамыз.

Спортты ой көгінде бақылаңыз.

Сайысқа қатысуға енді міне,

Спортшы отбасыларды шақырамыз.

Таныстыру:

1. «Құлыншақ» кіші жас тобы – Майлыбаевтар отбасы

2. «Жұлдыз» кіші жас тобы – Төребековтар отбасы

3. «Айгөлек» ортаңғы топ – Махамбетовтар отбасы

4. «Қарлығаш» кіші жас тобы – Алпысбаевтар отбасы

(Сайыскер отбасылар саппен ортаға келіп тұрады)

Жүргізуші: Құттықтау сөз бөбекжай – бақшамыздың әдіскердің м.а –

Кусмагамбетова У.Р – ға бер Ал, құрметті халайық!

Жарысты енді көріңдер.

Әділ қазы алқасы

Әділ баға беріңдер!

Біздің жетістіктерімізді бағалайтын әділқазылар алқасымен таныстыруға рұқсат етіңіздер!

1. Дуйсембина Г.М – «Күншуақ» ерте жас тобының тәрбиешісі

2. Кусмагамбетова У.Р – «Жұлдыз» кіші жас тобының тәрбиешісі.

Сайысымыз 5 ұпайлық жүйемен бағаланады. Әр кезеңнен кейін әділқазылар өз бағаларын береді. Әділқазылар алқасы, сіздер сайыскерлердің жіберген қателері үшін 1 ұпай кемітіп отырасыздар және уақыт есептеледі. Құрметті сайыскерлер, сіздерге сәттілік тілейміз!

Бүгінгі көңілді эстафета сайысымыз 6 кезеңнен тұрады.

- I. «Допты жеткіз»
- II. «Кім жылдам?»
- III. «Көңілді туннель»
- IV. «Су тасушылар»
- V. «Жұптық жүгіру»
- VI. «Мумия»

Эстафеталық сайыстар

- I. «Допты жеткіз»
Шарты: Ата-ана мен бала допты аяқпен итеріп, белгіленген жерге апарады.
- II. «Кім жылдам?»
Шарты: Обручтің көмегімен әкесі отбасындағы адамдарды бір – бірден, белгіленген жерге апару керек.
- III. «Көңілді туннель»
Шарты: Әкесі обручта ұстап тұрады, баласы обручтан төрт тағандап ортасынан өтеді, анасына қарай жүгіреді.
- IV. «Су тасушылар»
Шарты: Стаканмен су тасып, шелекке құю
- V. «Жұптық жүгіру»
Шарты: Ата-ана мен бала арқанмен байланып, бірге жүгіріп мәреге жетеді.
- VI. «Мумия»

Шарты: қағазбен әкесін орау керек.

Жүргізуші: Жарыс заңы ежелден-

Жеңімпазды анықтау.

Жеңімпаз болу шарты сол-

Еңбектену, жалықпау.

Біреу озса сайыста,

Біреу артта қалады.

Жеңілгендер ренжімей

Тараса бізге жарады.

Сайысымыздың шарттары бойынша қорытынды шығарып жеңімпаздарды анықтап, марапаттау сөз әділқазыларға беріледі.

Қорытынды.


Жүргізуші: Еліміздің болашағы дені сау азаматтардың қолында. Осымен отбасы күніне арналған «**Әкем, анам және мен – спорт сүйер отбасы**» атты отбасылық сайысымыз аяқталды. Өмірлеріңіздің әр күні осындай жеңістер мен сәттіліктерге толы болсын. Отбасыларыңыздан бірлік, береке кетпесін. Көп рахмет! Кездескенше қош сау болыңыздар!







“Менің Қазақстаным”
(сурер көрмесі)





*“Балапан”
кіші жас тобы*



«Адалдық алаңы» (Мультфильм фотосурет)

